

«ДАНАЛЫҚ МЕКТЕБІ» КЛУБЫНЫҢ ЕСЕБІ

2025-2026 оқу жылында мектепте ата-аналардың позитивті мәдениетін қалыптастыру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және отбасы тәрбиесінің маңызын арттыру мақсатында «Даналық мектебі» клубының жұмысы ұйымдастырылды. Клуб жұмысы мектептің тәрбие бағыты аясында жүйелі түрде жүргізілді.

Клуб қызметінің негізгі мақсаты – аға буын өкілдерінің тәрбиелік тәжірибесін пайдалану арқылы өскелең ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін дамыту және отбасы мен мектеп арасындағы байланысты нығайту.

Жыл бойы клуб аясында «Ата өсиеті», «Әже даналығы», «Аға қамқорлығы», «Женге кеңесі» секциялары бойынша түрлі тәрбиелік іс-шаралар өткізілді. Іс-шараларға ата-аналар, ата-әжелер, мектеп мұғалімдері, қоғамдық ұйым өкілдері және оқушылар қатысты.

«Ата өсиеті» секциясы

«Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер» тақырыбында кездесу ұйымдастырылып, қазақ халқының жеті ата дәстүрі, туыстық қарым-қатынас мәдениеті және ұлттық тәрбие жөнінде мазмұнды әңгімелер айтылды. Қатысушылар өз әулеттерінің тарихымен бөлісіп, оқушыларға өнегелі тәрбие берудің маңыздылығын түсіндірді.

Сонымен қатар «Бабалар дәстүрі – ұрпаққа өсиет» атты танымдық кеш өткізіліп, ұлттық салт-дәстүрлер, үлкенді құрметтеу, елге қызмет ету құндылықтары насихатталды.

«Әже даналығы» секциясы

«Ертегі – танымның көзі» тақырыбында әжелермен кездесу ұйымдастырылып, ұлттық ертегілердің тәрбиелік мәні түсіндірілді. Оқушыларға халық ертегілері айтылып, олардың мазмұны бойынша пікір алмасу жүргізілді.

«Ырым-тыйым – әдептілік негізі» тақырыбындағы іс-шара барысында қазақ халқының ырым-тыйым сөздерінің тәрбиелік және мәдени маңызы түсіндірілді. Әжелер ұлттық тәрбиеге байланысты өмірлік тәжірибелерімен бөлісті.

«Аға қамқорлығы» секциясы

«Ағасы бардың – жағасы бар» тақырыбында ұйымдастырылған кездесуде аға буын өкілдері жастарға қамқорлық көрсету, бауырмалдық, жауапкершілік туралы әңгіме өрбітті.

Сондай-ақ «Ер жігітке жарасар салауатты бейнесі» атты дөңгелек үстелде оқушыларға салауатты өмір салтын ұстану, спортпен айналысу, зиянды әдеттерден аулақ болу туралы кеңестер берілді.

«Женге кеңесі» секциясы

«Қыз ғұмырдың құпиялары» тақырыбында қыз балаларға арналған тәрбие сағаты өткізіліп, қыз әдебі, инабаттылық, мәдениеттілік мәселелері талқыланды.

«Қыздар білуге тиіс...» тақырыбындағы кездесуде қыз балаларға ұлттық тәрбие, отбасылық құндылықтар, өзін-өзі ұстау мәдениеті жөнінде пайдалы кеңестер айтылды.

Жұмыс нәтижесі: «Даналық мектебі» клубының жұмысы барысында ата-аналардың мектеп өміріне белсенді қатысуы артты. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, отбасылық тәрбие мәселелеріне назар аудару бағытында оң нәтижелер байқалды.

Клуб жұмысы оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесін нығайтуға, отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты дамытуға ықпал етті. Аға буын өкілдерінің өмірлік тәжірибесі мен тәрбиелік өнегесі жас ұрпаққа үлгі болды.

Алдағы уақытта «Даналық мектебі» клубының жұмысын жалғастырып, жаңа форматтағы кездесулер мен тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыру жоспарлануда.